

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Жұмыс берушілер Кеңесі отырысының
Хаттамасы

Астана қ.

№ 2

28 қараша 2016 ж.

Төраға: Молдажанова А. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры

Қатысқандар: Кеңес мүшелері (тізім бойынша)

Күн тәртібі

1. Жұмыс берушілер кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу.
2. Қазақстан Республикасы жоғары білімі дамуының негізгі бағыттары.
3. Сапалы мамандарды даярлаудағы жұмыс берушілердің рөлі.
4. 2016 жылғы бітіруші университет түлектерін жұмыспен қамту.

А.А.Молдажанова, Жұмыс берушілер Кеңесінің мүшелері (тізім бойынша)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Жұмыс берушілер Кеңесінің отырысында сөз алғандардың
ұсыныстары мен ақпараттары назарға алынсын.

1. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ академиялық мәселелер департаментінің директоры Ш.Б.Палымбетовке:
 - кафедра филиалдарының әлеуетін оқу үдерісінде кеңінен қолдануды және 2016-2017 оқу жылының көктемгі семестрінде олардың базасында дәрістердің өтуін жоспарлауды қамтамасыз етсін;
 - Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ жұмыс берушілерінің форумын өткізу мерзімі мен форматы бойынша 2017 жылдың 20 қаңтарына дейін ұсыныс берсін;

2. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ карьера және бизнес-әріптестік бөлімінің бастығы Л.С.Алдашеваға:

- жұмыс берушілер бойынша деректер базасын құру жұмыстарын 2016 жылдың 25 желтоқсанына дейін толықтай аяқтасын;
- әлеуметтік желілер арқылы бұрынғы жылдары бітірген түлектерге әлеуметтік сауалнама жүргізу 2017 жылдың 1 наурызына дейін орындалсын;

3. Факультет декандары, Карьера және бизнес-әріптестік бөлімінің бастығы Л.С.Алдашеваға бос жұмыс орындары жәрмеңкесін бағыттары бойынша Астана қаласының білім беру басқармасы, ірі кәсіпорындары мен түрлі әкімшілік деңгейінде орталықтандырылып, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өкілдерін қатыстыра отырып, 2017 жылдың 30 сәуіріне дейін ұйымдастыру тапсырылсын;

4. Еуразия ұлттық университеті Жұмыс берушілер Кеңесі мүшелері тарапынан түлектерді жұмыспен қамту және жұмыс берушілермен өзара ынтымақтастық жұмыстарды тиімді ұйымдастыруға қолдау көрсетіп, университет тарапынан өтіп жатқан іс-шараларға белсенді түрде қатысу жүктелсін.

**Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Жұмыс берушілер Кеңесі
отырысының төрайымы**



А. Молдажанова

**Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Жұмыс берушілер
Кеңесінің хатшысы**



Л. Алдашева